

"Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламентті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 249 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 297 бүйрығы

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламентті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 249 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32940) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламентте:

1-қосымша осы бүйрыққа қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

A. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

2024 жылғы 4 қыркүйектегі

№ 297 бұйрығына

қосымша

Өсімдіктерді қорғау

құралдарының (пестицидтердің)

қауіпсіздігі туралы техникалық

регламентке

1-қосымша

**Техникалық регламенттің қауіпсіздік талаптарына міндетті сертификаттау нысанында
сәйкестігі міндетті түрде расталуы тиіс өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің)
тізбесі**

P/c №	Еуразиялық экономикалық одактың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды	Позиция атавы
1	2	3
1	3808	Инсектицидтер, родентицидтер, фунгицидтер, гербицидтер, дефолианттар, десиканттар, фумиганттар, өскінге қарсы құралдар мен өсімдіктердің өсуін реттеуіштер
2		*atalған топқа субпозицияға ескертпеде көрсетілген тауарлар
3	3808 52 000 0	-- ДДТ (ISO) (клофенотан (INN)), таза салмағы 300 грамнан аспайтын пакеттерде
4	3808 59 000	-- басқалары:
5	3808 59 000 1	-- -- Құрамында 4,6-динитро-окрезол (ДНОК (ISO)) немесе оның тұздары немесе трибутилол қосылыстары немесе көрсетілген заттардың қоспалары болатын
		-- -- басқалары:
		-- -- -- инсектицидтер, родентицидтер, фунгицидтер, гербицидтер, дезинфекциялық

7	3808 59 000 5	құралдар, құрамында алахлор (ISO) немесе, алдикарб (ISO), немесе азинофос метили (ISO), немесе карбофуран (ISO), немесе эндосульfan (ISO), перфтороктансульфон қышқылы және оның тұздары, немесе перфтороктансульфоналдар, немесе перфтороктансульфонилфторид, немесе трихлорфон (ISO)
	3808 59 000 9	---- басқалары
8	3808 91	-- инсектицидтер:
9	3808 91 100 0	-- -- пиретроидтар негізіндегі
10	3808 91 200 0	-- -- хлорланған көмірсу тегілер негізіндегі
11	3808 91 350 0	-- -- карбаматтар негізіндегі
12	3808 91 450 0	-- -- фосфороганикалық қосылыстар негізіндегі
13	3808 91 800 0	-- -- басқалары
14	3808 92	-- фунгицидтер:
		-- -- бей органикалық:
15	3808 92 100 0	-- -- -- мыс қосылыстары негізіндегі препараттар
16	3808 92 200 0	-- -- -- басқалары
		-- -- -- басқалары:
17	3808 92 300 0	-- -- -- дитиокарбаматтар негізіндегі
18	3808 92 400 0	-- -- -- бензимидазолдар негізіндегі
19	3808 92 500 0	-- -- -- диазолдар немесе триазолдар негізіндегі
20	3808 92 600 0	-- -- -- диазиндер немесе морфолиндер негізіндегі
21	3808 92 800 0	-- -- -- басқалары
22	3808 93	-- -- гербицидтер, өскінге қарсы құралдар және өсімдіктердің өсуін реттеуіштер:
		-- -- -- гербицидтер:
23	3808 93 110 0	-- -- -- феноксифитогормондар негізіндегі
24	3808 93 130 0	-- -- -- триазиндер негізіндегі
25	3808 93 150 0	-- -- -- амидтер негізіндегі
26	3808 93 190 0	-- -- -- карбомадтар негізіндегі
27	3808 93 210 0	-- -- -- динитроанилинидер туындылары негізіндегі

28	3808 93 230 0	----- карбамид, урацил немесе сульфонилкарбамид туындылары негізіндегі
29	3808 93 290 0	---- басқалары
30	3808 93 300 0	--- өскінге қарсы құралдар
31	3808 93 900 0	- - - өсімдіктердің өсуін реттеуіштер
32	3808 99	- - басқалары:
33	3808 99 200 0	- - - родентицидтер
34	3808 99 800 0	- - - басқалары

Ескертпе:

* 3808 52 және 3808 59 субпозицияларына мынадай бір немесе бірнеше заттардан тұратын 3808 тауарлық позициясының тауарлары ғана енгізіледі: алахлор (ISO); алдикарб (ISO); альдрин (ISO); алахлор (ISO); алдикарб (ISO); бинапакрил (ISO); камфехлор (ISO) (токсаfen); каптафол (ISO); карбофуран (ISO); хлордан (ISO); хлордимеформ (ISO); хлорбензилат (ISO); ДДТ (ISO) (клофенотан (INN), 1,1,1-трихлор-2,2-бис(п-хлорфенил)этан); диэлдрин (ISO, INN); 4,6-динитро-о-крезол (ДНОК (ISO)) немесе оның тұздары; диносеб (ISO), оның тұздары немесе құрделі эфирлері; эндосульфан (ISO); этилендибромид (ISO) (1,2-дибромэтан); этилендихлорид (ISO) (1,2-дихлорэтан); фторацетамид (ISO); гептахлор (ISO); гексахлорбензол (ISO); 1,2,3,4,5,6-гексахлорциклогексан (ГХГ (ISO)); линданды (ISO, INN) қоса алғанда, сынап қосылыстары; метамидофос (ISO); монокротофос (ISO); оксиран (этиленоксид); паратион (ISO); паратионметил (ISO) (метилпаратион); пентахлорфенол (ISO), оның тұздары немесе құрделі эфирлері; перфтороктансульфонат қышқылы және оның тұздары; перфтороктансульфонамидтер; перфтороктансульфонилфторид; фосфамидон (ISO); 2,4,5-T (ISO) (2,4,5-трихлорфеноксисірке қышқылы), оның тұздары немесе құрделі эфирлері; трибутилқалайы қосылыстары; трихлорфон (ISO).